

## ЕЛ ЕСІНДЕ ҚАЛАТЫН ТАРИХИ КҮН

**М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті әскери кафедрасында оқытушы профессорлық, оқу әдістемелік құрамымен, әскери кафедра ғимаратында 25-қазан – Республика күніне орай тәрбие ақпараттық сағаты өтті. Іс шараға әскери кафедра студенттері қатысты. Басты мақсат – өсіп келе жатқан өскелең ұрпақты патриоттық сезімге баулу, өз Отанына деген сүйіспеншілігін арттыру.**

Тәрбие ақпараттық сағатында жеке құрамға 25-қазанда қабылданған «Мемлекеттік егемендік туралы Декларация» жайында қысқаша тарихи мәліметтер ұсынылды. Сонымен қоса тарихи деректер мен фото, бейнематериалдар көрсетілді. Әскери кафедра бастығы, полковник Ж.Кенжебаев әскери кафедра студенттеріне қысқаша тарихи шолу жүргізді.

– Мемлекеттік Егемендік туралы Декларация қабылдаған күнінің тарихына келетін болсақ, 1990 жылдың 25 наурызында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің 12-шақырылымында депутаттық орындарға сайлау жүргізілді. Сайлауды өткізу барысы, нәтижесі егемендік және тәуелсіздікке бағыт алған күштердің басымдыққа ие бола бастағанын танытты. Жұмысшы және шаруа тобымен қатар, қайта сайланған Қазақ КСР Жоғары Кеңесіне ғалымдар, заңгерлер, ЖОО ректорлары, діни қайраткерлер енді. 1990 жылдардың екінші жартысынан бастап Қазақстан саяси жүйенің заманға сай негізін қалауға батыл қадамдар жасады. Ұлттық құрамы жағынан — 181 қазақ, 100 орыс және 340 депутаттың 51-і компартия органдарының қызметкерлері болды. Жоғары Кеңестің төрағалығына Ерік Асанбаев сайланды, - деп ел тарихына тоқталып өтті.

1990 жылдардын басында КСРО-дағы саяси жағдай декларативтік сипаттағы көптеген демократиялық ережелерден тұратын қолданыстағы 1978 жылғы Қазақ КСР Конституциясын өзгертуді, Қазақстанның егемен құқықтарына бекітетін мүлдем жаңа заңнама актілерін қабылдауды қажет етті. КСРО-ны жайлаған саяси дағдарыс, одақтың аса ауыр жағдайда ыдырау үдерісі саяси жүйені реформалауды қажет етті. Дағдарыстан шығудың бір жолы — Президенттік қызметті енгізу болатын. 1990 жылы 24 сәуірде Жоғарғы Кеңес «Қазақ КСР Президенті қызметін бекіту мен Қазақ КСР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (Негізгі Заң)» заң қабылдап, Қазақ КСР Президенті қызметін бекітті. 1990 жылы 24 сәуірде қызу талқылаудан кейін Жоғарғы Кеңес Қазақ КСР-інің Президенті етіп Н.Ә.Назарбаевты сайлады.

1990 жылы 15 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің екінші сессиясында «Егемендік туралы Декларацияның» жобасы ұсынылды және талқыланды, содан кейін Жоғарғы Кеңес «Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияны» 1990 жылы 25 қазан күні 18 сағат 55 минутта қабылдады. Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы Декларация — еліміз Конституциясының негізіне айналған республиканың тұңғыш заң актісі. Бұл құжатта Қазақстан «халықаралық қатынастардың дербес субъектісі болуға, сыртқы саясатты өз мүдделеріне сай белгілеуге, халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысуға құқығы бар» егемен мемлекет деп жарияланды. Декларация алғаш рет табиғи ресурстардың, экономикалық және ғылыми-техникалық әлеуетінің Қазақстан меншігінде болуының ерекше құқығын баянды етті.

Тәрбие ақпараттық сағатының соңында М.Әуезов атындағы ОҚУ әскери кафедра бастығының орынбасары, запастағы полковник Т. Ерімбетов сөз алып: «Барлық Қазақстан Республикасының азаматтары егеменді еліміздің тарихын білуі және құрметтеуі тиіс, сонымен қоса Отанымыздың алдында борышымыз бен парымызды өтеуіміз керек. Өсіп келе жатқан жасөспірімдерге дұрыс патриоттық тәрбие беріп, Отанға деген сүйіспеншілікті артыруымыз қажет. Сол кезде болашақта еліміз бекем болатына сенемін» деп қорытындылады.

**Қайрат ҚУРМАНӘЛІ,**  
ОҚУ әскери кафедра  
оқытушысы, педагогика  
және психология магистрі  
запастағы капитан